Байлар араб елінде виллалар салып, ақшасын Англияда сақтаған

– Министр бизнесті басынан бастауға болатынын айтқан болатын. Кәсіпкер үшін бұл нені білдіреді?

– Біз 2 жыл бойы азаматтарға барлық ақша қаражатын заңдастырып, бар табысын ақша түрінде көрсетуге, жылжымайтын мүліктерін көлеңкелі айналымнан шығаруға, оны жариялауға мүмкіндік бердік. Сөйтіп, оны заңдастыруға салынған қаражаттан үлкен үлесті көріп отырмыз. Бұл 4,1 трлн теңгені құрады. Кәсіпкер үшін осыны білдіреді.

«Бизнесті басынан бастау дегеніміз» азаматтар заңдастырған кірістің бәрі көлеңкелі сипатқа ие екенін білдіреді. Бұл ақшадан салық төленген емес, олар бұны одан әрі қарай жасырды.

Кірісті заңдастырған соң кез келген адам оны салық декларациясында көрсете алады. Біз салық бойынша оларға қатысты қылмыстық, әкімшілік тексеру болмайтынына заң жүзінде кепілдік бердік. Заңдастырылған мүлік тәркіленбейді. Заңда бұған кепілдік бере отырып, заңдастырылған кірістің бәрін қорықпай көрсетуге болатынын айттық. Кезінде мүліктің бағасы қанша болғанын, активтердің қанша қаражатқа сатып алынғанын және шетелдегі, Қазақстандағы банк есепшотындағы осы ақша қайдан келгенін сұрамаймыз.

– Көрсетілген мерзімде мүлкін және қаражаттарын заңдастырмаған қазақстандықтарға қандай шара қолданылады?

– Шетелде немесе Қазақстанда нысандарын жасырған азаматтарды мемлекеттік кірістер органдары мен тиісті өкілетті органдар анықтап біледі. Заң бойынша әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылады Яғни, салық салынатын нысандарды жасырғаны үшін санкция салынады. Бірінші рет – 250 АЕК, бір жыл ішінде тағы біреуі анықталса, 500 АЕК айыппұл төленеді. Құқық бұзушылық қылмыстық тергеуге жататын болса, сәйкесінше, Қылмыстық кодекс бойынша 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы да қарастырылған.

Заңдастыру акциясы аяқталды. ҚР қаржы министрі Бақыт Сұлтанов заңдастыру қорытындысы туралы айтып берді. Нәтижесін сәтті деп атауға болады ма? Сенім ақталды ма? Қазақстандықтар қай елде мүлік сатып алады және осы «көлеңкелі» ақшаны жасырады? Бұл туралы BNews.kz ақпарат агенттігіне ҚР Қаржы министрлігі мемлекеттік кірістер комитетінің жедел мониторинг басқармасының басшысы Сағынаев Ерлан баяндап берді.

Шетелде немесе Қазақстанда нысандарын жасырған азаматтарды мемлекеттік кірістер органдары мен тиісті өкілетті органдар анықтап біледі. Заң бойынша әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылады Яғни, салық салынатын нысандарды жасырғаны үшін санкция салынады. Бірінші рет – 250 АЕК, бір жыл ішінде тағы біреуі анықталса, 500 АЕК айыппұл төлейді. Құқық бұзушылық қылмыстық тергеуге жататын болса, сәйкесінше, Қылмыстық кодекс бойынша 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы да қарастырылған.

–Мұндай тұлғалар қалай анықталады?

– Бізде көлеңкелі экономикаға қарсы іс-шаралар жоспары бар. Соған сәйкес Мемлекеттік кірістер комитетінің тиісті жоспарына сай заңдастыру жұмыстары жүргізіледі. Азаматтардың мұндай категориясына заңдастыруға мүмкіндік беріп, тексерулерден өздерін қорғауға құқық бердік. Ал, бұл акцияны пайдаланбағандарды, алдымен, өзіміз ратификациялаған салық конвенциялары аясында әлемдік кірістер бойынша тексереміз. Оның ішінде, Страсбург конвенциясы бар. Ол 2015 жылы ратификацияланды. Бұл құжатқа 100-деген ел қол қойды. Сол елдер арасында есептер мен мүлікке байланысты тиісті мәлімет алмасулар болып тұрады. Яғни, егер біздің азаматтарымыз өздерінің активтерін жасырын ұстаса, сол елдердің уәкілетті органдары бізге автоматты түрде ақпарат береді. Бұл азаматтар бізде бұл мүлікті заңдастырды ма, тіркеді ме, әлде жоқ па? Егер анау, не басқасы орындалса, онда олар тыныш ұйықтай алады. Егер жоқ болса, онда заң бойынша жауап береді.

– Қазақстандықтар өздерінің жасырын жинақтарын көбіне қай елдерде сақтайды?

– Олар көбіне Еуропа елдерінде – Ұлыбритания, Швейцария, Испания, Венгрияда, сондай-ақ Біріккен Араб Әмірліктері, АҚШ, Қытайда сақтайды. Ал, көрші елдердің ішінде Ресей, Өзбекстан мен Қырғызстанда мүлікті заңдастырған. Ал, Еуропа мен Ұлыбританияда бағалы қағаздарды сақтаған. БАӘ-де виллалар, коттеджде сатып алған.

Санитарлық талаптардың көбісі қисынсыз

Бас прокуратурада өткен «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Кәсіпкерлер құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кеңесінің көшпелі отырысында басты тақырып, Санитарлық ережелер мен қағидаларды қолдану кезінде пайда болатын санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау саласындағы мәселелер жөнінде ҰКП Қоғамдық мониторинг және әкімшілік кедергілермен жұмыс департаментінің директоры Ербол Өстеміров баяндама жасады.

фото с сайта picsbase.ru

Мемлекеттік мекемелер мен Ұлттық палата, кәсіпкерлік қызметті жүргізуге жағдай жасауда ауқымды жұмыстардың басын қайыруда. Мысалға, рұқсат беру қағаздары мен лицензиялар саны азайып, тексеріс өткізу рәсімдерінің оңтайландырылы бизнес-ахуалдың жақсарғанының көрінісі.

Алайда, кәсіпкерлерден түсетін өтініштерді талдау барысында, барлық түйткілдердің толық шешіпе қоймағаны анғарылған. Әсіресе, мемлекеттік мекемелердің кәсіп иелеріне жүктейтін талаптары айрықша алаңдаушылық тудыртуда. Оған дәлел, мұндай талаптардың жалпы саны 28 мыңнан асқаны.

– Әлбетте, кәсіпкерлер олардың бәрін қасақана орындамауға тырыспайтыны белгілі. Бірақ бұл талаптардың түгелін есте сақтаудың өзі қиынға соғады емес пе?! Бұдан тыс, қыруар міндеттеулер сыбайлас жемқорлыққа жол ашатыны анық. Мәселен, санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылық саласына келсек. Төртінші тармақты алсақ, шаруашылық және ауызсу мақсатындағы, тұрмыстық кәдеге жаратуға арналған санитарлық қорғау аймақтары, сумен қамту көздерінің, орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтау нысандарының, су құбырлары мен су алу құрылымдарының санитарлық қорғалатын тұстары талаптарын кеңейтер болсақ, Ұлттық экономика министрінің 2 бұйрығынан табылады. Сонда бір ғана тармақта 343 талап бар. Салдарында, тексеруші тарап осы қағидалардың барлығын, не болмаса ішінара бір бөлігін кәсіпкерге жүктейтіні анық. Алайда кәсіпкер бұл талаптардың қаншасын бұлжытпай сақтау керектігін түсінбей дал болады, – деп жіктеді Ербол Өстеміров.

Мәселенің шешімін табу үшін Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Бас прокуратурамен, Ұлттық экономика министрлігімен бірлесе отырып, білікті сарапшыларды тарта отырып, мемлекеттік бақылау (қадағалау) кезіндегі тексерулерді оңтайландыруда ортақ әдіс-тәсілдер әзірлеген.

Жаңа тәсілдерге сай, тексеру парақтарына келесі жайттар енуі тиіс:

- біріншіден, өндірістен шыққан түпкі өнімнің қауіпсіздігін сипаттайтын талаптар. Бұл зертханалық талдаулар, өлшеулер арқылы тразыланбақ;

- екіншіден, нақты тексеруге болатын талаптар. Бұл құжаттарды, қажетті құралжабдықтар мен көрсеткіштерді, таңбалау және басқа да көрсеткіштерді тексеру;

- үшіншіден, сол жерде салмақтаудан тұрады; тексеру парақтарына ішкі технологиялық үдерістерді сипаттайтын талаптар кірмегені абзал, себебі бұл өндірістік-технологиялық бақылауды тексерілетін субъектінің өзі ұйымдастырады.

Осы орайда баяндамашы, Тұтынушылар құқығын қорғау комитеті, 2 ай бойы тексеру парақтарын ревизиялауға белсенді атсалысқанын атап өтті.

Нәтижесінде 41 санитарлық ереже сүзгіден өтіп, 11543 талап анықталған. Назарға іліккен тексеру парақтарындағы талаптардың 9172-сін, яғни 80 пайызын алып тастау жайы ұйғарылған. Сәйкесінше тек 20% көлемдегі 2371 қағида күшін сақтап қалмақ. Батыл қадамдардың арқасында құзырлы саладағы бұлыңғыр баптар жойылып, тексеру парағы бизнес субъектілеріне орындауға мүмкін болатындай анық күйге енген.

– Мысалға келтірсек, тамақ өнімдерінің көтерме және бөлшек сауда нысандарына қойылатын санитарлық талаптар бойынша 76% талапты алып тастау кеңес етілді, – деп мәлімдеген Ербол Өстеміров, бүгінгі таңда Ұлттық экономика министрінің жаңа тексеру парақтарын (барлығы 45) бекіту жайлы бұйрығының жобасы «Атамекенде» зерделеніп жатқанын, жақын арада өз ұстанымдарын білдіретіндерін жеткізді.

Департамент жетекшісі артық әрі қисынсыз, өзектілігін жойған талаптар тазаланғанымен, халықтың санитарлық салауаттылығын қамтамасыз ететін жалпы қағидалар орнында қалғанын айта кетті.

– Сөрелердің қабырғамен арадағы орналасу алшақтығы сынды шамадан тыс нақтыланған талаптар кәсіпкерлердің наразылығын тудыруда. Мәселен, төгілетін өнімдерді қабырғадан 50 см аралықта сақтау керек, – деп мән-жайға қанықтырған Ербол Өстеміров, бүгінде мектепке дейінгі мекемелерге қатысты талаптар қарастырылуда екенін, Білім және ғылым министрлігі барлығы 120-дан астам талапты алып тастауды кеңес еткенін хабарлады.

Санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау мекемелерінің орындау мүмкін емес талаптарына байланысты Солтүстік Қазақстан облысының 5 ауданы кәсіпкерлерінен арыз-шағымдар келген. Бұл жерде орталықтандырылған кір жуу жайындағы талаптар қиындық тудырған. Мысалға, Мағжан Жұмабаев ауданындағы Полудино ауылында 1400 адам тұратындықтан, кір жуу нысанын құру тиімсіз.

– Көтерме және бөлшек сауда нысандарындағы азық-түлік өнімдерін қайта қаптауға қойылатын талаптар да алаңдатады. Өйткені жарма, қант, макарон секілді тауарлар 50 келілік не одан да артық салмақтағы қаптарда сатып алынады. Содан сатып алушыларға ыңғайлы болу үшін ұсақ дүкендер оларды санитарлық ережеге сай бөлмеде, тексерістен өткен өлшеу аспаптарында 1 келілік пакеттерге қайта салады. Алайда тексерушілер бұны заңбұзушылық деп бағалауда, – деп әңгімелеген Ербол Өстеміров үлкен өндірістік цехтардағы жылудың болуы жайлы талаптарды орындау да мүмкін емес екендігін дәйектеді. Мысалға желдету жүйесі жұмыс істеп тұрған жайға жылы ауаның жіберілуін көзіңізге елестетіп көріңіз.

«Метакон» және «Темірбетон» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктеріне дәл осы себеппен айыппұл салынған. Бұл мәселе Тұтынушылар құқығын қорғау комитеті басшыларының алдында көтерілгенімен, берілген жауапта санитарлық ережелерге енгізілетін өзгерістердің ғылыми негізделуі керектігі айтылған.

– Бұл мәселеге байланысты Мәскеу мен Минскқалаларындағылыминституттардың барын бағамдадық. Германия мен Франция институттары да еуропалық стандарттар аясында сапалы зерттеулер жүргізе алады деп ойлаймыз. Туйткілді толығымен таркату үшін, Кеңестен, Үкіметке артық не ескірген, қайталанатын талаптарды ғылыми талдауға қаржы бөлуді ұсынуды құрайтамыз, – деп қорытындылады «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Қоғамдық мониторинг және әкімшілік кедергілермен жұмыс департаментінің директоры Ербол Өстеміров.

Алдаберген Кемпірбаев

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Экспорттық тауарлардың құны көтерілді

2016 жылы Қазақстанның экспорттық тауарларының құны көтерілді. Бұл туралы Ұлттық экономика министрлігіне сілтеме жасап хабарлайды.

Ведомство мәліметтеріне сәйкес, 2016 жылы өндіруші кәсіпорындар бағасы өндеу өнеркәсібінде – 19,6%, кен өндіру өнеркәсібінде 14,1%-ға жоғарылады. Өндірілген өнім – 16,8%, өндірістік сипаттағы қызметтер 3,6%-ға қымбаттады.

Өткен жылда өндіруші кәсіпорындар бағасы мазутка – 36,6%, дизель отынына – 35,3%, сұйытылған пропан және бутанға – 29%, табиғи газға –27%, металл кендеріне –16,3%, мұнайға – 15%, бензинге – 13,7%, көмірге 1,4%-ға жоғарылады.

Бағаның ферроқорытпаларға – 54,4%, қорғасынға – 51,9%, қара металдар илегіне – 39,8%, асыл металдарға – 30,1%, мысқа – 24,3%, алюминийге 19,6%-ға жоғарылауы тіркелді.

Бағаның жармаларға – 37,6%, құс етіне – 24,9%, қара бидай ұнына – 20%, бидай ұнына – 9,4%, кантқа – 19,1%, шайға – 15,3%, өсімдік майына – 15,2%, сүт өнімдеріне – 12,8%, мал етіне – 10,8%, нанға – 10,4%, балыққа – 7,2%, макарон өнімдеріне 4,9%-ға жоғарылауы байқалды.

фото с сайта infoindustria.com.ua

Қымыз экспортына сертификация тұсау салуда

Еліміздің кәсіпорындары жылқының құрғақ сүті Мәскеуге экспорттайды. Басты экспортшы «Евразия инвест» ЖШС алғашқы тауарды ақпан айында жеткізуді жоспарлап отыр. Бастапқыда Ресей астанасына ай сайын жарты тонна құрғақ қымыз жеткізілсе, жыл аяғына таман бұл көрсеткішті 1 тоннаға дейін жету көзделген.

фото с сайта kapital.kz

Кәсіпорын директорының орынбасары Ғалымжан Мейрамбеков айтуынша, қымызды Қытай мен Еуропаға экспорттау бойынша келіссөздер жүргізіліп жатыр.

– Қытайда бірнеше компания қызығушылық танытып отыр, алайда бізді сертификация тұсап тұр. Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірге бұл бағыттағы жұмыстарды атқарып жатырмыз. Ал Еуропада осы тектес құрғақ сүт өнімін 30-ға тарта компания шығарады, яғни осында нарық дайын тұр. Біз Германиядағы зертханаға өнімді тексеруге едік, кейбір көрсеткіштер бойынша еліміздің сүті еуропалық өнімнен асып түсті. Өйткені, біздің жылқылар жайылымға шығарылып, күнарлы шөппен қоректенеді, – дейді Ғалымжан Мейрамбеков.

Оның сөзінше, еуропалықтар жылқы сүтін косметика саласында кеңінен пайдаланып келеді. Осыған байланысты, кәсіпорын косметика өндіруді де жоспарлап отыр.

2014 жылы Қарағанды облысының Осакаров ауданында жалпы құны 800 млн теңгеден асатын, бие сүтінен құрғақ ұнтақ жасау өндірісінің жобасын жүзеге асыру басталған еді. «Евразия Инвест Ltd» ЖШС-нің жобасы ішінара «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның несиелік желісімен қаржыландырылды.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Салық талабы мерзімін қысқартқан жөн

Мәжіліс депутаттары бизнеске қатысты қосымша салықтық тексеру ережелерін өзгерту қажет екенін алға тартуда. Төменгі палата өкілдері Қазақстан Үкіметіне салық дауларына қатысты, жалпы бекітілген 3 жылдық талап қою мерзімін бекіту туралы ұсыныс жасады. Мұндай депутаттық сауалды, бүгін, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаевқа депутат Меруерт Қазбекова жолдады.

Аталған ұсыныстың тууына бірден-бір себеп болған жағдай – «салық мәселелеріне арналған Үкімет сағаты барысында ҰЭМ басшылығымен арада орын алған пікірталас» (отырыс биылғы жылдың 16 қаңтарында өтті – авт.), деп тоқталды мәжілісмен. Депутат, өз кезегінде, Салық кодексінің 46 бабына сәйкес, салыққа қатысты талап қою мерзімі 5 жылды құрайтынын атап өтті. «Салық органдары үздіксіз жүргізіп отыратын тексерістерден кейін де, кәсіпкер өзін жайлы сезіне алмайды. Себебі, осыдан 5 жыл бұрын бірнеше рет мақұлданған есебінде немесе 5 жыл бұрын келісімшарт жасасқан, бұрынғы серіктесіне қатысты қандай да бір заңбұзушылық орын алмасына кім кепіл? Ал, кәсіпкер осының салдарынан тағы да қосымша салықпен қатар, 5 жыл бойы айыппұл мен өсімақы төлеуге мәжбүр болмақ», – деп атап өтті пленарлық отырыста Меруерт Қазбекова.

Депутат, сонымен қатар, салыққа қатысты талап қою мерзімі «осы қалпында» сақталатын болса, «мәселенің орын алуына дейінгі айыппұлдар мен өсімақы сомасы, осыған дейінгі төленген салық сомасына тең болатынын, сол кезде тіпті, «салықты екі есе емес, үш есеге төлеуге» тура келетінін» тілге тиек етті.

«Бұл бизнеске қазыналық тұрғыдан қысым жасап, кей жағдайда, тіпті, кәсіпорынның жабылып, азаматтардың жұмыссыз қалуына әкеп соқтырады», – деп өз пікірімен бөлісті Парламент мүшесі.

Бұдан бөлек, депутаттық сауал авторы, салық заңдарына да баса назар аударды. Ол өз кезегінде, «отандық кәсіпкерлердің Еуразиялық экономикалық одақ көлеміндегі бәсекелестеріне, салыққа қатысты талап қою мерзімі жеңілдетілгенін» айтты.

«Мәселен, Ресей Федерациясы Салық кодексінің 113 бабына сәйкес, салыққа қатысты талап қою мерзімі 3 жылды құрайды және бұл заңмен бекітілген ереже. Ал, кей жағдайда, кәсіпкердің қалауымен, мысалы, ҚҚС қайтарған кезде, 5 жылдық мерзім де қолданылады. Осы арқылы Ресей Федерациясы кәсіпкерлеріне, Қазақстандағы әріптестеріне қарағанда, әлдекайда қолайлы жағдайлар жасалған», – деп тоқталып өтті Меруерт Қазбекова.

Депутат, сондай-ақ, Үкімет сағаты барысында, «Қаржы министрлігінің салық дауларына қатысты талап қою мерзімін 5 жылдан 3 жылға қысқартудан бас тартуы, отандық бизнес-қоғамдастық тарапынан түсініспеушілік тудырып отырғанын» мәлімдеді.

Сонымен қатар, депутат, салық дауларына қатысты 3 жылдық талап қою мерзімін бекітуге жөнінде тағы бір ұсынысын ортаға салды. «Ал, салық төлеушінің өзі, мысалы, ҚҚС қайтарған уақытта ұзақ мерзімге тексерту жүргізу туралы өтініш білдірген жағдайда, оларға ондай құқық беруге болады. Бірақ ол міндетті түрде, салық органдары тарапынан емес, кәсіпкер тарапынан ұсынылуы тиіс», – деп қорытындылады депутат.

Ж. Ошырбайұлы: «Кәсіпкерлік – алдаудың жолы емес, сенімнің жолы»

Қытайда соңғы кездері Қазақстанның ауыл-шаруашылық өнімдеріне сұраныс артып келеді. Бұл туралы осы салада кәсіппен айналысып жүргендер жиі айтады. Қытайға экспорттың артуы азық-түлік, ет өнімдерін өндеуді жетілдіруге мүмкіндік бермек. Осы ретте «DBK GROUP» компаниясының жетекшісі әрі негізін қалаушы, «Аяулым» ЖК-ның директоры Жолдыбай Ошырбайұлы Қытаймен арадағы саудаға қатысты өз ойын білдірді.

фото с сайта dalanews.kz

– Жолдыбай мырза, соңғы кездері Қазақстан тауарларын Қытайға экспорттау туралы жиі айтылып жүр. Бұрын тек қана Қытай тауарларын импорттау жайында ғана сөз болушы еді. Жалпы, қазақ кәсіпкерлері Қытайға қандай тауарларды көптеп шығарып жатыр?

–Экспорттың түр-түрі бар ғой. Бұрындары негізінен Қытайға шикізат байлықтары – мұнай, газ, түрлі-түсті металдар көп экспортталатын. Бұл үрдіс әлі де бар. Біз дайын өнімді емес, өңделмеген шикізатымызды саудалап келдік. Бұл екі елдің арасындағы Үкіметтік деңгейдегі келісімдер арқылы жүзеге асырылды. Қазір бұл үрдіс тұрақты жүріп жатыр. Біздің байлығымыз тек Қытайға емес, Ресей, Еуропа, өзге де Азия елдеріне тасымалдануда.

Десе де, көптен бері шикізатты емес, дайын, мәнерленген өнімдерімізді шетелге қашан шығарамыз деген сұрақ елдік деңгейде көтеріліп келеді. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін мемлекет индустрияландыруға баса мән беріп отыр. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі бұл ауқымды жобаға ерекше назар аударып, өз қадағалауына алғаны мәлім. Соның пайдасын енді сезе бастадық. Соңғы жылдары қазақстандық ауылшаруашылығы өнімдері – астық, ет, май өнімдері, оның ішінде азық-түлік – ұн, май, кондитерлік өнімдер Қытайға экспортталуда.

– Сонда олар не үшін Қазақстандық азық-түлікке әуес?

–Ең басты себебі, қазақстандық азық-түліктің дәрумендігі жоғары және экологиялық тұрғыдан таза. Қытайдың астығы негізінен химиялық қоспалар арқылы өсіріледі. Түрлі химиялық тыңайтқыштар жыл сайын еселеніп беріледі. Бұл егістік алқаптарының құнарсыздануына әкеліп соқты. Одан алатын өнімнің де табиғилығы жойылып барады. Ал Қазақстанның жері құнарлы әрі астығы химиялық қоспасыз өседі. Демек, одан алатын өнім де таза деген сөз.

– Шағын және орта бизнес өкілдері бұл мүмкіндікті игере алып жатыр ма?

– Қазір дәл осы салада еңбектеніп жаткан кәсіпкерлер шоғыры мол. Бірі астық өнімдерін, енді бірі кондитерлік өнімдерді, тағы бірі ет өнімдерін экспорттауға құлшына кірісіп жүр. Олар темір жол және автотранспорттар арқылы өз саудаларын арттыруға күш салуда. Бұған мемлекеттік көмек те бар. Әрине, әртүрлі кедергілер бар. Тек Қорғастағы еркін сауда аймағымен шектелмей, екі ел арасындағы келісімдер негізінде астық, ет, май өнімдерін ірі көлемде экспорттап жүргендер де кезігеді. Кей кездері Қазақстанның ет өнімдеріне шектеу қойып та жатады. Бұл халықаралық деңгейдегі эксперттердің толық жасалмаунан туындайды. Ет өнімдеріне карантин жарияланған уақыттар да болып тұрады. Мұндай сәттерді кәсіпкерлер алдын ала білуге тырысу керек. Егер заңды жолмен өз өнімдерімізді шетелге экспорттай алсақ, арнайы субсидия беріледі. Оны алудың жолы тиісті құжаттарды дұрыс өткізу. Көптеген кәсіпкерлер қағаз жинаудан қашады. Енді біреулері субсия, НДС алу қиын деп ойлайды. Бұл ой қате. Мемлекеттен берілетін көмек, жеңілдіктерді тиімді пайдалануымыз керек.

– Шынымен де осы мемлекеттік көмекті алып жатқандар бар ма?

– Бар. Қорғастағы еркін сауда аймағы 2013 жылы ашылды. Бастабында қара базардан зат сатып алып, сонда апарып саудалайтын кәсіпкерлер қазір мемлекеттік көмекті де ойдағыдай пайдалана алатын деңгейге жетті. Сол арқылы азық-түлік өндіретін ірі кәсіпорындармен бірлесіп, КамАЗ бен темір жол арқылы мыңдаған тонна өнімдерді саудалап жүрген кәсіпкерлер қалыптасып үлгерді. Бәрі бір күнде ол деңгейге жетпейді. Оның жүйесін, жолын үйренуге біраз уақыт кетері анық. Қандай қиындыққа қарамастан, мемлекет беріп отырған көмекті алуды үйрену маңызды. Қытай өз тауарын экспорттаса, кәсіпкерлерге арнайы беретін жеңілдігі бар. Олардың көмегін алу тезірек деп естиміз. Бәрі заң аясында нақты реттелген. Біздің кәсіпкерлер де мемлекеттік ынталандыруды алуға ниет еткендері дұрыс.

– Сіздің компания Қытайға қандай өнімдерді экспорттап отыр?

– Біз де ел секілді май, ұн, кондитерлік өнімдерді Қорғас еркін сауда орталығына кіргізуден бастағанбыз. Осы орталықтың талай кәсіпкерге пайдалы болғанын сеніммен айта аламын. Ең алғаш шағын автобустармен жөткедік. Кейін КамАЗ арқылы таси бастадық. Қазір өзіміздің «Жолдыбай» маркалы ұн, майларымызды шығара бастадық. Тұрақты клиенттеріміз бар. Олар осы марка өнімдерін Қытайда бренд жасауға жұмыс жасап жатыр. Алға қойған мақсатымыздың бірі – ұн, май, ет өнімдерін мәнерлейтін арнайы зауыт ашқымыз келеді. Қазір осы жұмыстарды қолға алу үстіндеміз. Бәрін өзің мәнерлеп, дайын өнімді саудалау бізге де, елімізге де тиімді. Біріншіден, жұмыс орны ашылады. Екіншіден, егін, мал шаруашылығы дамиды. Болашақта өзімізбен еншілес компаниялар құрып, егіншілік пен малшылықты дамытуға үлес қоссақ па деген жоспарымыз да жоқ емес.

– Астық пен ет өнімдеріне сұраныс жоғары болса, онда елімізде егіншілік пен мал шаруашылығын дамытуды барынша қолға алған жөн ғой.

– Негізі, егін егіп, мал өсірем дегенге Қазақстаннан қолайлы жер жоқ. Жыл сайын арзандатылған несие, субсидия беріліп келеді. Оны да негізінен ірі шаруа қожалықтары алып жүр. Бұл салаға қадамын енді басқандар субсидияның қызығын көріп отыр деуге әлі ерте. Болашақта бұл олқылық жойылып, шағын шаруа қожалықтары да субсидия алатын күнге жетеді деп ойлаймын.

Қазақтың жері кең деп құр мақтанбауымыз керек. Сол жерді игеруге күш салмасақ, ұлангайыр даланың пайдасын көрмесек, онда құр мақтанның зардабын тартуымыз мүмкін… Біз осы даланы малға толтырып, егінмен гүлдендірсек қана, оның игілігін болашақ ұрпақ көреді. Әлемде азық-түлік тапшылығы жыл сайын артып келеді деген ақпаратты күнделікті оқып жүрміз. Ендеше, егін мен ет өнімдеріне сұраныс артпаса, кемімейді.

– Әңгімеңізге рахмет!

Автонесие алатындардың саны 15 пайызға кеміді

Өткен жылы Қазақстанның қаржы секторының дамуына «Бөлшек және бизнесті несиелендіру» бағдарламалары елеулі үлес қосты. Еліміздегі Бірінші несие бюросының сарапшылары осындай қорытынды жасап отыр.

Өткен жылы 500 мыңнан астам адам несие алған. «Тұрғындар көп жағдайда банк өнімдерінің ішінде кепілдіксіз қарызды таңдайды» дейді мамандар. Өткен жылы банктер кепілсіз несиеге 235 миллиард теңге берген. Сарапшылар 2016 жылы несие картасына деген сұраныстың да артқанын айтады. Қазіргі таңда 83 мыңнан астам қазақстандық «пластикалық әмиянды» қолданады. Бизнесті несиелендіру секторы да мешін жылын жақсы қорытындылаған. 2016 жылы кәсіпкерлерге берілген несие бір триллион 300 миллиард теңгеге өскен. Яғни, қазіргі таңда заңды тұлғалардың банктерден алған қарыз ақшасы 15 триллион 400 миллиард теңгеге жеткен. Сарапшылар есесіне автонесиелендіру саласының бәсеңдегенін айтады.

Қарызға көлік алғысы келетіндердің саны 15%-ға қысқарған. Ипотекалық және кепілдікпен қамтамасыз етілген несиелердің де қарқыны басылған.

Сарапшылар 2015 жылмен салыстырғанда 2016 жылы ипотекалық несиенің көлемі 128 миллиардқа, ал кепілдікпен қамтамасыз етілген несиенің көлемі 70 миллиард теңгеге азайғанын алға тартты.

– Банк саласындағы ықтимал бірігулер мен кейбір сүбелі банктердің стратегияларының өзгеруін ескерсек, 2017 жылы несие қоржыны қарқынды ұлғаяды деп айту қиын. Бірақ кепілдіксіз тұтынушылық несиеге сұраныс бұрынғысынша жоғары болады. Сондай-ақ несие карталарымен айналысатын банктер арасында клиент үшін бәсеке қыза түседі, – дейді Бірінші несие бюросының бас директоры Руслан Омаров.

фото с сайта 7kun.kz

Тариф мәселесінде айқын көзқарас қажет

«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының орынбасары Юлия Якупбаева Палатаның Тариф жөніндегі кеңес мүшелерімен бірге ҚР «Табиғи монополиялар туралы» заңының жаңадан редакцияланған нұсқасы бойынша ортақ ұстанымды жасап шығару үшін жиналыс өткізді. Кездесуді ашу кезінде ол заң жобасының мәтініне қатысты ҰКП-ға бизнес субъектілерінен ескертулердің көптеп түсіп жатқанын атап өтті және қатысушыларды заң жобасын белсенді талқылауға шақырды.

Ведомствоаралық жұмыс тобының жұмысына белсене араласқан қатысушылар көптеген ұсыныстар мен ескертпелерге қарамастан, заң жобасында тариф бекітудің тәртібі қарастырылмаған деген пікір айтты. Сонымен бірге, олар тарифті бекітудің жаңа тәсілдері мен өкілетті органның шешім қабылдауына қатысты қағидаттардың ешқайсысы қамтылмағанын атап өтті. Тариф бекітудің қосымша тәсілдері бөлігіндегі барлық баптар – декларативтік және сілтемелік болып отыр. Оның бір себебі өкілетті органның осы мәселеге қатысты қандай да бір ұстанымының болмауы, нәтижесінде тиісті әдіснама да жоқ.

Жиналысқа қатысушылардың пікірінше, заң жобасының редакцияланған нұсқасы ҚР «Табиғи монополиялар туралы» заңы қабылданған 1998 жылдан бері табиғи монополиялар саласында туындаған жүйелі проблемаларды шешу былай тұрсын, керісінше, оларды қиындатып отыр. Жекелей алғанда:

– заң жобасына тек Табиғи монополия субъектілері (ТМС) міндеттеріне толығымен жауап беретін ережелер енген. Олар заң жобасының тұтынушылар мен ТМС мүдделері арасындағы тепе-теңдікті сақтау туралы мақсатына сәйкес келмейді;

– шешім қабылдауға қатысты заң деңгейіндегі шарттардың мүлдем болмауы реттеуші органның өкілеттілігін арттырып отыр, сілтемелік нормалардың бірнеше есеге артуы, сонымен бірге өкілетті органның заң аясындағы қосымша актілерінде барлық дерлік реттеуші нормалардың қабылдануы жемқорлықтың туындауына себеп болып, тариф бекіту процесінің ашықтығын төмендетеді;

– заңға қосымша актілер негізінде реттеудің жаңа әдістерін қолдануды тек өкілетті органның көзқарасымен жүзеге асыру, оған қоса бұған дейін сәтсіздікке өңірлік энергетикалық компаниялар қолданған салыстырмалы талдау әдісін қолдану шешімі ТМС-ті ынталандырмайды. Сонымен бірге, тұтынушылар мен ТМС-тің тарапынан жағымсыз көзқарастың туындауына себеп болады.

Сонымен бірге, заң жобасы уақытша арттыру коэффициентін ұсынумен қатар тағы да арттыру коэффицентін беруді қарастырады. Яғни, тарифті монополист бекіткен деңгейден де артық етіп көрсету.

Мұндай еркіндік табиғи монополиялар көрсететін қызметтерге еркін баға тағайындауды енгізумен тең. Ал 100%-дық монополия жағдайында оған жол бермеу керек.

Заң жобасын қарау кезінде наразылық тудырған тағы бір тұжырымдық ереже – ТМС-тің міндетті жарналары есебінен қаржыландырылатын Тұтынушылар одағын құру. Бұл ұсыныс ТМС-ке, ақыр соңында тұтынушыларға ауыртпалық салады. Бұл тұста мүдделе қақтығысы да орын алуы мүмкін: ТМС қаржыландыратын ұйымдар тұтынушылардың мүдделерін қорғай алмайтын болады.

Сонымен бірге табиғи монополиялар реттеу саласындағы өте күрделі проблемаларды шешу жолдарына қатысты ұсыныстар да айтылды. Олар:

– тарифтерді ТМС пайдалану және инвестициялық қызметінің іс жүзіндегі нәтижелері негізінде бекіту;

– көпшілік тыңдалымдарды тарифтік саясатты жүргізудің бәсекелестік форматындағы негізгі және тиімді құралына айналдыру туралы.

Отырыс барысында Кеңестің өзге де мүшелері, сонымен бірге бизнес өкілдері сөз алып, баяндама жасады. Олардың баяндамаларын тыңдаған Басқарма Төрағасының орынбасары «заң қажет, бірақ оған айтарлықтай толықтырулар енгізу керек» деген қорытынды шығарды.

Кедендік жарна мен салықты төлеу мерзімі ұзартылады

Қазақстанның Қаржы министрлігі жауапты декларация толтырушыларға шетелден жүк алу кезінде жеңілдік жасауға дайын. «Тауарды импорттау кезінде кедендік жарналар мен салықтарды төлеу мерзімін ұзартуға дайынбыз. Егер декларация иесінің түрлі жағдайларға байланысты тиісті жарналар мен салықтарды бірден немесе толықтай төлеуге мүмкіндігі болмаса, 1 айға ұзарту мерзімін пайдалану құқығы ұсынылып, тауар төлемдерсіз шығарылады», – деп мәлімдеді бүгін қаржы министрі Бақыт Сұлтанов Парламент мәжілісінде өткен Үкімет сағатында.

фото с сайта taldykorgan.palata.kz

Бұл ретте, ол, «кедендік баждар мен салықтарға пайыздар есептелетіндігін» атап өтті. Белгілі бір жағдайларда «мерзімді ұзарту кезінде 6 айға дейін пайыздар есептелмейді».

Бұдан бөлек, Қаржы министрлігінде «кедендік шекарадағы ескі және тиімсіз өткізу бекеттерін» жаңарту жоспарланып отыр.

«Осы мақсатта Қазақстан-Қытай шекарасында мемлекеттік-жекеменшік серіктестік қағидасына құрылған екі жаңа «Нұр Жолы» мен «Қалжат» автомобильдерге арналған өткізу бекеттерінің құрылысы жүріп жатыр». Бұдан бөлек, үкіметаралық қарыз тарту есебінен 23 өткізу бекеті жабдықталмақ.

Қаржы министрі жаңартылған бекеттерде заманауи саудa-логистика орталықтары ашылады деп сендірді.

– Бұл тауарларды шекарада-ақ шығаруға мүмкіндік береді. Мәселен, тәуекелдерді басқару жүйесі анықтаған заңбұзушылықтар болмаса, шекарада тауарларды шығару 29 минуттың ішінде жүргізіледі, – деді Бақыт Сұлтанов.

Осы жаңалыққа түсініктеме берген министрі бұл уақыттың болжалды көрсеткіші емес екенін, іс жүзінде есептелгенін атап өтті. Бұдан бөлек, Астанадағы көлік-логистика орталығына ұқсас жаңа кедендік аймақтар ашылады, олардың жалпы саны төртеу болмақ: Қазақстанның оңтүстіктігінде, солтүстігінде, шығысында және батысында орналасады. Астанада сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға тауарларды сұрыптау мен сақтауды қоса есептегенде, логистикалық қызметтердің толық кешені көрсетіледі.

Жаңа кедендік нысандар «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясымен бірлесе отырып, мемлекеттік-жекеменшік серіктестік негізінде ашылады, «бюджеттен шығын шықпайды».

Сондай-ақ Қаржы министрлігі «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына кедендік қызметтің 7 түрін беруге дайындалып жатыр. «Өкілетті экономикалық оператор мәртебесін табыстау», «Кедендік өкілдер тізіліміне енгізу», «Кедендік тасымалдаушылар тізіліміне енгізу», «Уақытша сақтау қоймалары иелерінің тізіліміне енгізу», «Кедендік қоймалар иелерінің тізіліміне енгізу», «Бос қоймалар иелерінің тізіліміне енгізу», «Жарнасыз сауда-саттық дүкендері иелерінің тізіліміне енгізу».

Бұл қызмет түрлері ведомствоаралық комиссия оң қорытынды шағарғаннан кейін, екінші жартыжылдықтан бастап Халыққа қызмет көрсету орталықтарында қолжетімді болмақ.

Он алматылықтың жетеуі – бизнесте

Алматыда үш күн қатарынан Almaty Invest – 2016 халықаралық форумы өтті. Биыл төртінші рет ұйымдастырылған Орталық Азиядағы маңызды шараға 63 елден 500-ге жуық адам қатысты.

Шетелдерден келген инвесторлар мен шетелдік және отандық бизнесмендер, беделді саясаткерлер мен экономистер бір аланға жиналды. Форум аясында қазақстандық бизнесмендер мен инвесторлар арасында 300 миллиард теңге болатын инвестициялық жобалар бойынша 50-ден астам меморандумға қол қойылды.

Инвестициялық форумның ашылуында қала әкімі Бауыржан Байбек айтқандай, жиында бизнесті дамыту, қаланың жаңа инвестициялық мүмкіндіктерін таныстыру, бас шаһарды Орталық Азиядағы стратегиялық нарық пен жаңа Жібек жолының экономикалық және іскерлік орталығына айналдыру мәселелері негізгі алынды. Сондай-ақ, сауда және қызмет, тамақ өнеркәсібі, іскерлік туризм, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік пен қаланың индустриялық дамуы туралы талқыланды. Алматы әкімдігі шетелдік делегаттарға ұйымдастырған арнайы инвестициялық тур барысында болашақ инвесторлар өздерін қызықтырған кәсіпорындардың жұмысымен танысты.

Мәселен, Алматы қалалық ауылшаруашылығы басқармасы «Немецкий двор» ЖШС-мен, Eurasian Foods Corporation және май комбинатын модернизациялау әрі оны кеңейту бойынша «Масло-Дел», «ЭФКО Алматы» компанияларымен келісімшарт жасады. Ал «Apple World» ЖШС-мен Алматының апорттарын отырғызып, түрлі сорттарын дайындау туралы және басқа да салаларға байланысты бірнеше компаниялармен келісім орнатылды.

фото с сайта commercialproperty.ua

– Форумның Қазақстанның тәуелсіздігі қарсаңында өтіп отырғаны да бекер емес. Бүгінде Алматы мәдени әрі іскерлік қала ретінде қалыптасты. Тәуелсіздік жылдары қала экономикасы 100 есеге артты, яғни 41 млрд долларға дейін өсті. Ал оның еліміздегі жалпы ішкі өнімдегі үлесі 10-нан 22 пайызға дейін жетті. Шағын және орта кәсіпорындар 130 есеге көбейіп, 183 мыңға жетіп отыр. 14 мың компания шетелдік капиталдың қатысуымен жұмыс істеп келеді. Қазіргі таңда 10 алматылықтың жетеуі шағын және орта бизнесте жұмыс істейді. 25 жыл ішінде халықтың жағдайы да жақсарды. Инвесторлар үшін де барлық мүмкіндіктер жасалған, алдағы уақытта да тиімді жағдай туғызуға тырысамыз, – деді Бауыржан Байбек.

Ал Ұлттық банк төрағасы Данияр Ақышевтың айтуынша, биылғы 9 айда республикамызға жеткен шетелдік тікелей инвестиция көлемі 12,1 миллиард доллар болған.

Форум барысында бірқатар іскерлік кездесулер, алқасөздер мен бизнес дебаттар, Алматының инвестициялық климатын жақсарту бойынша инвесторларды тарту жөніндегі кеңестің отырыстары өтті.

Зейнетақы қорындағы ақшаны кімдер алуы мүмкін?

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ басқарма төрайымы Нұрбибі Наурызбаеваның «Егер тиісті заңнамаға өзгерістер енгізілсе, қазақстандықтар зейнетақы жинақтарының бір бөлігін оқуға, емделуге немесе ипотека алуға жұмсай алады» деген хабары тарағалы ел бір дүрлігіп, жеке есепшоттағы ақшасын шешіп ала қоятындай түрлі пікір туып жатқаны рас. Бұған қаржыгерлер не дейді? Жалпы, зейнеткерлердің жинақтаушы активтерін қалай пайдалануымыз керек?

фото с сайта 365info.kz

– Зейнетақы жинағындағы ақшаны шешіп алуға рұқсат берілген жағдайда, келешекте мемлекеттік бюджетке салмақ түсуі мүмкін, – деп бірден кесіп айтты экономист-қаржыгер Ілияс Исаев. – Егер Жинақтаушы зейнетақы қорындағы ақшасын кез келген азамат зейнетке шыққанға дейін «жеп қойса», бұл мемлекеттік бюджетті ойсыратып кетеді. Уақыт өте келе мемлекет өзінің қаржылық саясатын басқаша қарауға тура келеді.

Зейнетақыны бірден беру әрбір азаматқа сезілмеуі мүмкін, ал мемлекеттік ауқымда оның қаржылық салдары болады. Сондықтан зейнетақы активтерін зейнетке шыққанша пайдалану үшін түгелдей емес, азаматтардың белгілі бір категориясына рұқсат беру керек шығар. Алдағы уақытта бұл мәселелер де кеңінен талқылануы керек. 18-ге жаңа толған азаматтар ипотекаға үй алу үшін, білім немесе ем алу үшін зейнетақы қорына қаржы жинап үлгере алмайды. Тіпті 18 жастан еңбекке араласты деген күннің өзінде ол азаматтың 25-30 жасқа келгенше жинаған зейнетақы активтері ипотекаға жете қояр ма екен? Себебі, ипотека ұзақ мерзімге жұмсайтын ақша. Мүмкін, зейнетақы жасына жақындап қалған, еңбекке жарамды ата-аналар көзі тірісінде балаларына білім алуға, үй алып беруге, тіпті қажет болған жағдайда ем алуға жұмсауына мүмкіндіктер жасауға болады. Мұндай жағдайда ата-ананың келешектегі өмір сүру мүмкіндіктері үшін мемлекет жауапкершілікті алмайды, оның балашағасы жауапты. Міне, осындай жақтары болуы мүмкін. Ал енді жаппай зейнетақы қорындағы активтерін алып, ипотекаға салу деген ақылға қонымсыз дүние.

Негізі, Зейнетақы қорындағы ақшаларды өлі капитал деуге болмайды. Оны табыс әкелетін құралдарға жұмсайды. Зейнетақы қорындағы ақшалар, негізінен, мемлекеттік бағалы қағаздарға, сосын квазимемлекеттік компаниялардың бағалы қағаздарына салынып отырады. Олардан пайда түсіп тұрады. Зейнетақы қоры активтерін коммерциялық банктердің депозитіне салады. Коммерциялық банктерге депозитке салынған ақшалар «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры арқылы шағын және орта кәсіпкерлік саласына бағытталып отырады. Зейнетақы қорындағы ақшаларды айналымда жоқ, өспей жатыр деуге болмайды. Ол үнемі айналымда және өсіп отырады.

– Негізі, Зейнетақы қорындағы ақшаны алғаннан гөрі, оны ұзақ мерзімге инвестиция жасап отыру мемлекетке, қоғамға және жеке азаматқа да өте қолайлы, – деп жалғады әңгімесін І.Исаев. – Себебі, зейнетақы өскеннен кейін оны қалай пайдаланам десе де ерік өзінде. Батыс елдерінің азаматтары зейнеткерлікке шыққаннан кейін бүкіл әлемді шарлап қыдырып, демалады. Осындай үрдіс қалыптасқан. Зейнетке шыққаннан кейін олардың нағыз рахат өмірі басталады. Бұл ненің арқасы? Зейнетақы қорындағы қаражаттың арқасы. Қордағы ақшасы өсіп жатыр. Егер зейнетақы жинағын «жеп қойса», Үкіметтің белгіленген зейнетақысы тақ-тұқ болып, яғни, тек тамаққа ғана жетіп, үйде отырар еді. Зейнетақының инвестиция көзіне айналып, өсіп отыруы қоғамға да, зейнеткерлікке шыққан адамға да пайдалы. Егер қоғамда еңбекпен қамту деңгейі жоғары болса, кәсіпорындар тұрақты жұмыс істеп тұрса, орташа жалақы, еңбек өнімділігі жоғары болса, мұндай жағдайда Зейнетақы қорына таңылып қалмай, күнделікті табысымен өмір сүрер еді. Ал дәл қазіргі жағдайда елімізде халықтың күнделікті табысы жетпей жатыр. Күнделікті табыс мемлекетке де жетпей жатыр. Неге? Себебі, мұнайдың ақшасына таңылып қалдық. Шағын және орта кәсіпкерлікті өз деңгейінде дамыта алмай келеміз. Бізде жұмыссыздық бар. Оған қосымша бізде ресми жұмыссыздық бар және өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз ету деген бар. Ресей президенті В.Путин «Өзін-өзі жұмыспен қамту деген категорияны анықтандар» деген Жарлық берді. Неге біз де осы мәселені анықтауға кіріспейміз? Өзін-өзі жұмыспен қамтушылар салықты да, медсақтандыруды да төлей алмайды, зейнетақы жинақтаушы қорына да ақша аудармайды. Өкініштісі, қоғамда ондайлар көп. Әрине, ағымдағы табысы ішіп-жемінен артылып жатса, экономика жақсы дамыса, ешкім келешектегі ақшасына жармаспас еді. Мәселе сонда болып тұр. Көтеріліп жатқан мәселе уақытша болуы да мүмкін. Бұл – бір. Екінші, жалақы бәрінде бірдей емес. Біреу 40 мың теңгені зорға алса, екіншісі 40 мың доллар ойнап жүріп табады. Бізде әлі де болса жұмыссыздық басым, оның бер жағында инфляция бар. Мұның бәрі халықтың төлем қабілетін төмендетіп жібереді.

Электронды қызмет көрсету сұраныста

Бизнес саласындағы электронды қызмет түрлері шағын және орта бизнес дамуына оң әсер етпек. Қазақстандық нарықта компаниялардың электронды қызмет түрлері дамып келеді. Қызмет түрлерінің сан алуандығын ұсынған мобильді қосымшаларды екінші деңгейлі банктер, жекеменшік компаниялар ғана емес, Үкімет, мемлекеттік емес ұйымдар да қолға алған.

фото с сайта amalasvegas.com

Қазіргі таңда мобильді технологиялардың тиігізетін әсері күн санап артып келеді. Сондықтан бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін көптеген мекемелер мобильді шешімдерге арналған салымдарын 70%-ға дейін арттыруға дайын. itvesti.com.ua порталы мәліметінше, корпоративті мобильді жүйе түрі шетелде де кең тараған.

Гонконг

GovHK Notifications қосымшасы – Гонконг үкіметі ұсынған мобильді қосымша кез келген үкіметтік мекемеден ақпарат алуға сұраным жіберуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қосымшада мемлекеттік мекемеге бару туралы ескертулерді орнатуға, әкімдікке бару үшін өзіне ыңғайлы уақытты көрсетуге, мемлекеттік әкімдікке әрбір барған өтініш ретін есептеуге болады.

Оңтүстік Корея

Сан түрлі мобильді қосымшаларды көп қолданатын мемлекет. Аталған бағдарламалар тұлға пен үкімет органдары арасындағы құжат айналымы секілді барлық қата бойынша қызмет көрсетеді. Оңтүстік Кореяның электронды қосымшаларының дамығаны соншалық, үйде отырып бір тетікпен өмірге қажетті мәселелерді реттеуге болады. itvesti.com.ua порталы мәліметінше, кореялық Денсаулық сақтау департаменті мен әлеуметтік қызметтерінің E.GE.N қосымшасы тиімділігі мен оңтайлылығы бойынша көш бастап тұр.

Түркия

Бұл елдің e-Devlet қосымшасы халық пен үкімет арасындағы байланысты нығайтып отыр. Қосымшада электронды үкіметтің порталында барлық қызмет көрсету түрлері жинақталған. «e-Devlet» қосымшасының бүкіл функциясын сипаттау мүмкін емес, себебі ол өте ауқымды және көрсетілетін қызмет түрлері де өте көп. Алайда, халықтың ең көп жүгінетіні – жол жүру ережесін бұзған жағдайда айыппұл сомасын, салықты есептеу.

Аустралия

Express Plus Centrelink мобильді қосымша Аустралияның Әлеуметтік қызмет департаментінің тапсырысымен жасалған. Қосымша авторлары болжам бойынша бұл мобильді тетіктің қолданушылары ретінде жас отбасылар, зейнеткерлер, жұмыссыздар, әлеуметтік қорғалмаған жандар деп топшылаған. Алайда аталмыш жоба сәтті шығып, Аустралияның орта табысты секторын толығымен қамтып отыр. Өз қаражатын есептеп, тиімді пайдаланамын деген кез келген аустралиялық осы қосымша қызметіне жүгінеді.

АҚШ

SBA мобильдік қосымшасы АҚШ-тың Small Business Administration тапсырысы бойынша өз бизнесін бастауға ниетте жандарға арналып жасалған. Қосымша кәсібін жаңа бастап жатқан іскер азаматқа бизнес құру туралы тегін кеңес алу үшін SBA-ның жақын маңдағы кеңсесін табуға, шығындар есебін жүргізуге және жаңа бизнесті іске қосу үшін қажетті қаржыны бағалауға, бәсекелестік деңгейін бойынша статистикалық және белгілі бір ауданда таңдалған бизнестің даму тенденциялары туралы ақпарат алуға, SBA туиттерінен жаңалықтар алуға, YouTube-тегі SBA видео-каналынан соңғы видеоларды көруге көмектеседі.

Қазақстанда

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының электронды қызмет көрсету алаңы уақыт талабының жемісі. Бүгінде «Atameken Services» қосымшасы арқылы қаржылай емес қолдаудың 8 бағыты бойынша, 76 тегін қызмет көрсетуге қол жеткізуге болады. Сондай-ақ, реквизиттер арқылы заңды тұлға туралы ақпарат іздеу қызметі де бар. AGILE әдістемесі бойынша «бір терезеге» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының электронды қызметтерін шоғырландыру жұмыстары жалғасып жатыр. Бұл ай сайын көрсетілетін қызметтерге қолжетімділікті арттыра түседі. «Atameken Services» каталогында әлеуетті тұтынушылардың, жеткізушілердің, дилерлердің тізімін, сатып алулар туралы және алдыңғы сатып алулар деректері туралы ақпарат табуға болады.

Айта кетелік, 18 қаңтарда «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының «Нарық мониторингі және сараптау орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бизнеске «бір терезе» қағидасы бойынша қызмет түрлерін ұсынатын «Atameken Services» электронды қызмет көрсету жобасы таныстырылады. Таныстырылым шарасына «Атамекен» ҮКП өкілдері, бизнес-қауымдастық өкілдері, экономика және бизнес саласындағы танымал сарапшылар қатысады.

фото с сайта np.kz

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Шағын несие – шалғайдағы шаруаларға

Облыс орталықтарынан шалғай аудандардағы кәсіпкерлік бастамаларға ерекше қолдау көрсету керек. Кәсіпкерлікті қолдау орталығының (КҚО) Уәлиханов аудандық филиалының кеңесшілері осындай пікірде.

фото с сайта palata.kz

Өз бизнесін кеңейтуді көздеген кәсіпкер КҚО-ға келіп, бірінші кезекте қандай мемлекеттік бағдарламаны пайдалану керектігін сұраған. Кәсіпкерді мұқият тыңдаған КҚО кеңесшілері, оған «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасына қатысуға кеңес береді. Олар Ж.Құсайыновқа қажетті құжаттар пакетін жинауға көмек көрсетіп, жобаны ары қарай сүйемелдеді. Бұған дейін кәсіпкер «Бизнес-кеңесші» жобасы аясында білім алған еді, онысы несие алуға қажет құжаттар ұсынғанда үлкен сеп болды.

Бизнес субъектісі мен Палата филиалының бірлескен күш-жігерінің арқасында, жеке кәсіпкер ірі қара мал сатып алу үшін, 3 миллион теңге көлеміндегі микронесиеге қол жеткізді. Әзірге жаңа жұмыс орны көп емес, дегенмен алдағы уақытта мал басы артып, шаруашылық базасы ұлғайса, жұмыс орындары да көптеп ашылмақ.

Кәсіпкер өндіретін өнімдер, оның ішінде мәрмәр ет аудан тұрғындары арасында кең сұранысқа ие.

Жақсылық Құсайынов болашаққа сеніммен қарайды. «Мал шаруашылығы ежелден ауыл шаруашылығының маңызды саласы болып саналады, сондықтан біз, яғни ауыл кәсіпкерлері осы саланы ары қарай дамытып, өркендете беруге тиістіміз. Оның үстінен мемлекет осы бағытқа белсенді қолдау көрсетіп отыр», – дейді ол.

Биыл Қазақстан мен Қытай бірлескен 9 жобаны жүзеге асырмақ

Жалпы құны 1,7 млрд доллар инвестицияны құрайтын «Жібек жолы» жоба алғашқы нәтижесін береді. «Бұл екі бағдарламаның еліміз үшін берері мол» дейді экономистер.

Тіптен кәрі құрлық пен Азия арасындағы сауда айналымын арттыру мақсатында банк құрылған. Қазір Қазақстан мен Қытай арасындағы жылдық сауда-саттық көлемі 14 млрд доллар. Алматыда бас қосқан екі ел кәсіпкерлері бұл көрсеткішті 40 млрд долларға жеткізуді көздеп отыр. Сондай-ақ тараптар ортақ жобаларды жүзеге асыру жолдарын талқылады.

– Қытай елінің үкіметі мен жергілікті кәсіпкерлер Қазақстанға үлкен қызығушылық танытып отыр. Сонымен қатар, сіздердің де елдеріңіз инвестиция салуға мүмкіндік зор. Сондықтан, екі елге пайдалы салаларды қаржыландырған дұрыс деп есептеймін, – деді бизнес-консалтингтік компания директоры Чжуаньу Лю.

Басқосуда экономистер мен кәсіпкерлер Қазақстанның географиялық жағдайын ұтымды пайдалануы керектігін айтты. «Жібек жолы» бағдарламасы арқылы шығыс пен батысты байланыстырып, «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында ауқымды инвестициялық жобаларды іске асыруға болады. Соның бір дөлелі жалпы құны 1,7 млрд долларды құрайтын 9 жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр.

– «Нұрлы жол» мен «Жібек жолы» бағдарламасының негізгі бағыттары ұқсас. Басты мақсаты – екі мемлекет арасындағы тауар айналымын арттыру. Сонымен қатар, заманауи инвестициялық жобаларды қолдау. Кәсіпкерлердің айтуынша, Қазақстан экономикасын өркендету үшін ең алдымен ауыл шаруашылығын, шағын және орта кәсіпті дамытып, қазба байлықтардан дайын өнім алатын зауыттар санын көбейту. Сөйтіп экологиялық таза өнімдерімізді көршілеріміздің нарығына шығарып, пайда әкелуге мүмкіндік бар. Ал, өндіріс орындарын салу үшін инвестиция тартуға елімізде қолайлы жағдай жасалған, – дейді экономика ғылымдарының докторы Вильмур Әукен.

«ЭКСПО» көрмесі кәсіпкерлерге мол мүмкіндік туғызады

«Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ мен «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Құжаттың басты мақсаты – «ЭКСПО-2017» көрмесінің дайындық жұмыстарына және оны өткізуге қазақстандық кәсіпкерлерді тарту болып табылады. Бірлескен өзара жұмыстар көрмеге қызмет көрсету ісіне қазақстандық кәсіпкерлердің қатысу үлесін арттыруға және өңірлердегі шағын және орта бизнес өкілдерін тартуға бағытталады.

Кездесу барысында сөз алған «Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясының басшысы Ахметжан Есімов, көрменің жасыл экономика саласындағы оңтайлы шешімдерді іздеуде және талқылауда әлемдік алаңға айналатынын тілге тиек етті. Бұдан бөлек, ұлттық жоба елдің инновациялық дамуына серпін береді деді компания басшысы.

– Көрме расымен отандық кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған ұлттық жобаға айналды. Жоба 50 мыңнан астам жұмыс орнын ашуға мүмкіндік берді. Ал, жұмыс қарқынды жүріп жатқан уақытта аланда 14 мыңнан астам құрылышы мен 500 дана техника жұмыс істеді. Жалпы, нысан құрылысына 366 отандық тауар өндіруші тартылып, 52,5 млрд теңгені құрайтын келісімшарттар жасалды, – деп атап өтті Ахметжан Есімов.

Ұлттық компания басшысының айтуынша, аталған көрсеткіш 2015 жылмен салыстырғанда екі есеге артық екен. «ЭКСПО-2017» көрмесін өткізуге дайындық жұмыстары өңірлерде жаңа жұмыс орындарының ашылуына сеп болып, кәсіпорындарды тапсырыстармен қамтамасыз ете алды. Ал, нысан құрылысына бюджет есебінен жұмсалған қаражат көлемі 302 млрд теңгеге қысқарған.

«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Төралқа Төрағасы Тимур Құлыбаев, өз кезегінде, көрме нысандары мен олардың дайындық жұмыстарына жоғары баға берді. Сондай-ақ, ол көрме отандық бизнес үшін, мол мүмкіндіктер ашады деген пікір білдірді.

фото с сайта palata.kz

ҮКП басшысы, «Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясы мен Ұлттық палата ортақ келісімге қол қоймастан бұрын, туризмді дамытуға және көрме жұмысына қазақстандық тауар өндірушілерді тартуға қатысты бірлескен жұмыстарды бастап кеткенін жеткізді. Тимур Құлыбаев, бүгінгі таңда, отандық тауар өндірушілермен 50 млрд теңгеден астам сомаға келісімшарт жасалғанын айтып, бұл жұмыс алдағы уақытта да өз жалғасын табатынын алға тартты.

– ЭКСПО уақытында Астанаға көптеген қонақтар келеді, ол әрине, елорда бизнесіне мол мүмкіндіктер ашады. Олар – мейрамханалар, қонақүйлер, түрлі ойын-сауықтыру орындары, қызмет көрсету саласы. Көптеген елдерден ағылатын туристер легі көп болмақ, Сол себепті отандық бизнес алдында «ЭКСПО-2017» көрмесін абыроймен өткізу сияқты жауапкершілігі мол міндеттер тұр, – деді Тимур Құлыбаев.

«Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ 73 туристік бағдар әзірленген. ҮКП басшысы Қазақстан меймандарға көрсететін табиғат сәйбақтарға, тарихи орындарға бай екенін атап өтті.

«ҮКП үшін туризм Қазақстан бизнесін дамытудың басты бағыттарының бірі болып саналады. Себебі, аталған сала көптеген жұмыс орындарын ашып, аралас салалалардағы жұмыспен қамту көрсеткішінің тың серпін беріп отыр. Ауыл шаруашылығы өнімдері, қәдесыйлар, киім, сауда, осының бәрі туризмнің арқасында дамиды. Біз ЭКСПО-ның туризмді дамытуға зор ықпал ететініне сенімдіміз», – деді Тимур Құлыбаев.